

**"Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы"
" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 33 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 наурызда № 3130 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 16.05.2017 № 105 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 42-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы Жарлығына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Атырау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі № 88 "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәселелері" қаулысының 2-тармағының және Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 125 "Облыс әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі № 88 "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәселелері" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы " 13" ақпандағы № 33 қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы " 13" ақпандағы № 33 қаулысымен
бекітілген

"Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекеме туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 060010, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілері мен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған табыстар мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы:

Атырау облысы бойынша қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін ұстау және сапасын тұрақтандыру.

15. Міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

2) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;

3) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу;

4) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

5) Атырау облысы шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеу барысында келісімшарттық міндеттемелерді сақтау;

6) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға түсетін эмиссияларға рұқсаттар беру.

16. Функциялары:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына беру;

3) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуді тіркеуді жүзеге асыру;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тарту;

5) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;

6) мемлекеттік орман қоры аумағында орман өрттерінің алдын алу және олармен күрес жөнінде жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындалуын қамтамасыз ету;

7) өртке қарсы насихаты ұйымдастыру, орманды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы туралы мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялап отыру;

8) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және оның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

10) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтары, белдеулері және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеуді ұйымдастыру;

11) бассейндік кеңестер жұмысы мен бассейндік келісімге қатысу;

12) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды дайындау және ұйымдастыру;

13) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

14) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;

15) II, III және IV санаттардағы объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу;

16) II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған ортаға түсетін эмиссияларға рұқсаттар беру;

17) сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануарлар түрлерін қоспағанда, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру;

18) облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын келісу;

19) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болғанда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймаққа бөлуді түзету жобаларын келісу;

20) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту бойынша табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келісу;

21) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қорық қоры объектілерінің тізбесін келісу;

22) мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдалану құқығын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың функционалдық қарамағындағы ормандардың жай-күйі мен өндірісі үшін қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

23) жергілікті атқарушы органдардың функционалдық қарамағындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру бойынша тендерлер ұйымдастыру және жүргізу;

24) орман пайдаланушыларға орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда; аңшылық шаруашылығы қажеттіліктері; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыс объектілеріне учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілерді салу үшін пайдалануға рұқсаттар беру;

25) мемлекеттік орман қорының учаскелеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

26) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келісу;

27) коммуналдық қалдықтармен жұмыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

28) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру;

29) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және облыс әкімдігі жүктеген өзге де жүзеге асырады.

30) елді мекендерді шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

31) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасады, тіркейді және сақтайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімдігінің 29.05.2015 № 65; 18.11.2015 № 344 қаулыларымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) жүргізу кезінде экологиялық талаптар бұзылатын жұмыстарды белгіленген тәртіппен тоқтата тұру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) облыс әкімдігіне ұйымдық-әдістемелік және материалдық-техникалық қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік органдардан, меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдардан қолданыстағы заңнамамен және нормативтік құжаттармен белгіленген мерзімдерде Басқармаға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен мәліметтерді;

4) табиғат қорғау іс-шараларын өткізуге арналған шарттар жасасуға;

5) облыс әкімінің және оның орынбасарларының тапсырмасы бойынша Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімдігі атынан өкілдік етуге;

6) бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) облыс басшылығына уақтылы ақпарат беруге міндетті;

8) қолданыстағы заңнамамен көзделген басқа да құқықтар мен міндеттер.

Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшысы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) қызметкерлерді лауазымға тағайындайды және босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді ынталандыруды жүзеге асырады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады ;

4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржылық құжаттарға қол қояды;

5) бөлімдердің ережелерін бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманың атынан өкілдік етеді;

7) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Басқарманың бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзгедей көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарауындағы мемлекеттік мекемелер тізбесі

1. "Атырау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. "Индер орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. "Құрманғазы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК